

Қостанай қаласының базарларында біржолғы талондар құнын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2006 жылғы 15 наурыздағы № 232 шешімі. Қостанай облысы Қостанай қаласының Әділет басқармасында 2006 жылғы 4 сәуірде № 9-1-42 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 197 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 21.04.2009 № 197 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес және Қостанай қаласы бойынша салық комитетімен ұсынылған мәліметтері негізінде, Қостанай қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қостанай қаласының базарларында біржолғы талондардың құны бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. "Қостанай қаласының рыноктарында біржолғы талондар құнының және кәсіпкерлік қызметінің жекелеген турлері үшін белгіленген жиынтық салық ставкаларының мөлшерін бекіту туралы" Қостанай қалалық мәслихатының 2002 жылғы 27 ақпандағы № 157 шешімінің (мемлекеттік тіркеу нөмірі 1262, "Қостанай" газетінде 2002 жылғы 14 наурызда № 20 жарияланған) 1-қосымшасына қатысты бөлігінде 1-тармағының күші жойылған болып саналсын.

3. Осы шешім Әділет басқармасында тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы,

қалалық Мәслихат хатшысы

Мәслихаттың

2006 жылғы 15 наурыздағы

№ 232 шешіміне қосымша

Қостанай қаласының базарларында біржолғы талондардың құны

№	Базар атауы	Тауардың түрі	Сауда алаңы	Алымның сомасы теңге
1	"Тобыл" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (контейнерлік базар)	Азық-түлік өнеркәсіп	Бір сауда орны	150
			Бір сауда орны	150
		Өнеркәсіп		

2	"Тобыл" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (Нариман базары)	Былғары бұйымдарын сату Үлбір бұйымдарын сату (құнды Үлбірден-каракүзен, түлкі, бұлғын) Үлбір бұйымдарын сату (аз құнды үлбірден-ондатр, сазкәмшат, көжек)	Бір сауда орны Бір сауда орны Бір сауда орны Бір сауда орны	1 5 0 180 1 7 0 100
3	"Қамқор" ашық акционерлік қоғамы базары	өнеркәсіп	Бір сауда орны	150
4	"Штарк" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Автомобилдік: қосалқы бөлшектер сату Авторезина сату Пайдалануда болған автомашиналарды сату	Бір сауда орны Бір сауда орны Бір сауда орны	2 5 0 400 200
5	"Шарт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі базар	өнеркәсіп Азық-түлік	Бір сауда орны Бір сауда орны	250 220
6	"Кооператор" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Дархан" базары	өнеркәсіп	Бір сауда орны	150
7	Мүгедектер қоғамы "Дархан" базары	өнеркәсіп	Бір сауда орны	150
8	"Тазалық-2000" Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны "Наурыз" базары	Азық-түлік өнеркәсіп	Бір сауда орны Бір сауда орны	100 100
9	"Отау-сауда" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (орталық базар)	Азық-түлік Темекі бұйымдарын сату Өнеркәсіп	Бір сауда орны Бір сауда орны Бір сауда орны	1 9 0 190 150
10	"Гермес-2000" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Береке" базары	өнеркәсіп Азық-түлік	Бір сауда орны Бір сауда орны	200 150
11	"Гелиос" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әмбебап базары)	өнеркәсіп Азық-түлік	Бір сауда орны Бір сауда орны	150 190
12	"Теркомсоюз" Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны шағын базар 1. "Текстильный", "Элеваторный", "Юго-Западный", "Западный" 2. Шағын базарлар: № 25 дүкеннің жанында (Маяковский-Чкалов көшесі) "Бутя" дүкеннің жанында (Повстан-Гоголь көшесі)	Азық-түлік өнеркәсіп Саяжай учаскелерінен көкөніс сату Азық-түлік өнеркәсіп Саяжай учаскелерінен көкөніс сату	Бір сауда орны Бір сауда орны Бір сауда орны Бір сауда орны Бір сауда орны	4 5 4 5 4 5 9 0 9 0 70
13	"Таус" базары "Таус" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Азық-түлік өнеркәсіп	Бір сауда орны Бір сауда орны	200 150
14	"Дәлел" базары "Дәлел" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Азық-түлік	Бір сауда орны	80

15	"Беркут и К" базары	өнеркәсіп Азық-түлік	Бір сауда орны Бір сауда орны	45 45
16	"Дастарқан" базары	Сату: ет, балық, үй құсы Жемістер сату Басқа өнім сату (көкөністер, бакалея, шұжықтар, майсүтті өнім, жұмыртқа) Сүт өнімін сату (жеке шаруашылықтың)	Бір сауда орны Бір сауда орны Бір сауда орны Бір сауда орны	1 7 0 130 1 1 0 45
17	"Ауылшаруашылық" базары (Рудный трассасы бойынша 6 километр)	Торайлар сату құс сату Астық қалдықтарын сату	машинадан бір сауда орны бір сауда орны	50 50 50
18	Победа-Алтынсарин базары	өнеркәсіп	Бір сауда орны	150

Ескерту: Біржолғы талондардың қолданылып жүрген құнының әр өзгерістері қалалық мәслихат шешімімен салық комитеті жүргізген хронометраждық бақылау мен зерттеулердің орташа күндік мәліметтері негізінде енгізіледі.